

## Кәсіпорындар мен ұйымдарға тауарлар (көрсетілетін қызмет) экспортына салынатын салық жөнінен жеңілдіктер беру туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1992 жылғы 9 қазан N 844. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995.08.02. N 1069 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "1992 жылы валюта қорын жасау және экспорт салығын енгізу, валюта операцияларын жүзеге асыруға бақылауды күшайту туралы" 1992 жылғы 10 сәуірдегі N 716 қаулысын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан республика территориясында тіркелген және орналасқан кәсіпорындар мен ұйымдарға өз өндірісінің өнімдерін (көрсетілетін қызметті) экспортқа шығарған кезде алынған валюталық түсімінің көлеміне экспорт салығының жеңілдік берілетін ставкалары белгіленетін болсын, ол өнімдер мыналар:

халық тұтынатын өнеркәсіп тауарлары - 2 процент;  
тәтті тамақ өнімдері, оларды өндіруге арналған шикізаттан басқасы - 2 процент;

құрылымдық материалдары - 2 процент;

дәрі-дәрмек препараттары - 0,5 процент;

шетел делегациялары мен азаматтарына көрсетілетін ақылы қызмет - 1 процент;

өнеркәсіп кәсіпорындарының күресінділерін (қалдықтарын) және оларға

теңестірілген басқа да шикізатты осы заманғы технологияларды қолдану арқылы өңдеуден алынған өнімдер - 1 процент.

2. Экспорт салығынан кәсіпорындар республика Министрлер Кабинетінің шешімдеріне сәйкес азық-түлік пен астық сатып алу үшін экспортқа шығаратын өнімдер босатылатын болып белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің бұрын қабылданған шешімдері арқылы белгіленген жекеленген кәсіпорындар мен ұйымдар үшін валюта түсіміне жеңілдікпен салық салу сақталатын болсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШІЖҚ РМК